

АЛАТАУ Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№17(27) 26 сәуір 2024 жыл

Оқырман назарына!

Жауапты облыстардың ардагерлер кеңестеріне қажетті шараларды ұйымдастыру үшін

Құрметті әріптестер!

Қазір елімізде өте күрделі жағдай қалыптасып отырғанын білесіздер. Мамандар елімізде соңғы 80 жылдан бергі ең ірі табиғи апат деп айтуға.

Табиғи апат салдарынан бірнеше облыстарда отандастарымыз үй жайларынан, малдарынан айрылып зардап шегуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа жариялаған үндеуінде, мемлекет тарапынан барлық қажетті шаралар қабылданып жатқанын, Үкімет қарғын судың салдарын жоюға бар күшін салатынын, зардап шеккен бірде-бір адамды ескерусіз қалдырмайтынын, материалдық шығындар толық өтелетінін айтты.

Су тасқынынан зардап шеккен адамдарға көмек берілер, мал шығыны мен қираған мүлік те орнына келер. Ең бастысы, адамдарды аман сақтап қалу. Сондықтан апаттың алдын алу адам өмірін сақтаудың ең тиімді жолы.

Мамандардың болжамы бойынша алдағы күндері Батыс Қазақстан, Атырау облыстарына өте көп мөлшерде қарғын су келеді деп күтілуде. Су басқан өзге облыстарда да қауіп әлі сейілген жоқ.

Су тасқыны болып жатқан өңірлердегі әріптестеріміздің уақыт-

пен санаспай өз үлесін қосып, тәжірибелерімен бөлісіп жүргенін білеміз. Үлкен-кіші бәріміз бірігіп бұл қиындықты еңсеретінімізге сенейік.

Ардагерлеріміз жергілікті атқарушы органдарға су тасқынымен күресті тиімді үйлестіру үшін өз тәжірибелерімен бөлісіп, ақыл-кеңесін беруге тиіс.

Сондай-ақ, зардап шеккен азаматтарға жағдайды түсіндіріп, басу айтып, барынша қолдау көрсету керек. Су тасқынына қарсы бөгеттер соғып жатқан азаматтарға қажетті көмектер, ас-су ұйымдастыруға басшылық жасаса.

Сонымен қатар тұрғындард жұртты дүрбелеңге салатын жалған ақпараттарға сенбей тек қана ресми ақпараттарға сенуге шақыруымыз керек.

Бәріңіздің істеріңізге сәттілік, амандық тілеймін.

Құрметпен Б. С. ІЗМҰХАМБЕТОВ,
Қазақстанның Еңбек Ері,
ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты,
«Ардагерлер Ұйымы» РҚБ Орталық кеңесінің Төрағасы

ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

Қонаев қаласына жаңа әкім тағайындалды
- Алматы облысы әкімінің өкімімен Асхат Бердіханов Қонаев қаласының әкімі болып тағайындалды.-деп хабарлайды KAZINFORM.

Асхат Бердіханов 1975 жылы Павлодар қаласының машина жасау колледжін «Өнеркәсіптік кәсіпорындардың электр жабдығы» мамандығы бойынша, 2005 жылы С.М.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін заңгер мамандығы бойынша оқыған.



2015 жылы Еуразиялық технологиялық университетін «Электрэнергетика» мамандығы бойынша, 2017 жылы С.М.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде «Энергетика және электротехника» мамандығы бойынша білім алды.

2022 жылы А.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде «Құрылыс» мамандығын аяқтады.

Еңбек жолын 1995 жылы Павлодар трактор зауытында электромонтер болып бастаған.

Әр жылдары құқық қорғау органдарында әртүрлі лауазымдарда жұмыс істеді. Балқаш жылу электр станциясы Басқарма төрағасының орынбасары, «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамының бас менеджері, «Алатау Жарық компаниясы» АҚ бас инженері, «Samruk-Kazyna Construction» басқармасының бастығы, Түркістан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары, Ұ.Қантаев атындағы Мойнақ гидроэлектростанциясының Басқарма төрағасының бірінші орынбасары - бас инженері қызметтерін атқарды.

2023 жылдың наурыз айынан бастап қазіргі уақытқа дейін Алматы облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы болды.

Назначен руководитель управления внутренней политики Алматинской области
Распоряжением акима Алматинской области Абитов Ерик Азельжанович назначен на должность руководителя управления внутренней политики Алматинской области. Об этом передает агентство Kazinform со ссылкой на пресс-службу областного акимата.

Ерик Абитов 1979 года рождения, образование высшее, в 2001 году окончил Центрально-Азиатский университет по специальности юриспруденция.

Трудовую деятельность начал учителем Жетысуского юридического колледжа.

В разные годы работал исполнителем, директором Молодежной ассоциации «Бірлік» Алматинской области, заместителем председателя территориальной избирательной комиссии Алматинской области, главным специалистом-юристом аппарата акима Еңбекшіқазақского района, юристом, директором коммунального государственного предприятия «Есікгеосәулет», председателем постоянной комиссии маслихата Алматинской области по экономике, бюджету, правопорядку, борьбе с коррупцией, депутатским полномочиям и этике.

«Киелі мекен» акциясы Алматы облысында

«Киелі мекен» акциясы аясында өңірде бірнеше мәдени және табиғи нысандардың аумағында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Жамбыл ауданындағы «Жамбыл Жабаев» мұражайы, «Таңбалы» қорық-музейі, Талғар ауданындағы «Талғар Қалашығы» және репрессия құрбандарын еске алу мұражайы, Ұйғыр ауданындағы «Шарын» ұлттық табиғи парк аумағында, Қарасай ауданындағы Қарасай батыр ескерткіші, Іле ауданындағы Өтеген батыр ескерткіші аумағында іс-шаралар өткізілді.

Жалпы іс-шараға 800-ге жуық адам қатысып, 70-тен астам тарихи-мәдени нысандары ретке келтірілді.

Акцияға өңірдің барлық тұрғындары белсенді қатысты. 8 сәуірде бүкіл ел бойынша басталған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аудандарда жалғасуда. Бұл акция өңір тұрғындары арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған. Ағымдағы аптада «Киелі мекен» іс-шарасы аясында 300 мыңнан астам адам қатысып, 3 тоннаға жуық қоқыс жиналды, 23 жүк техникасы жұмылдырылды.



күншілік жерден мен мұндалап тұратын қасиетті орынға айналған. Сонау Алматыдан осы күні арнайы келген Түзелбай әулиенің бесінші ұрпағы Берікбай Қамза дейтін азамат та бабасы туралы аңызға айналған әңгіменің отына май құйып, әсерлі баяндап берді. Бұл күні әулиенің рухына Құран бағышталып, тағзым жасалды. Мал айтылып сойылды. Акцияға қатысушылар кесененің айналасын тазартып, ретке келтірді.

Осы өңірде Қисық аталатын жер бар. Тау қойнауына бастайтын аңғардың орта шенінде суы шипалы арасан бар. Осы жерге жыл сайын көктем шығысымен сонау күзге дейін жүздеген адам келеді. Арасанның суына шомылып, денелерін батпағымен майлайды. Кетерлерінде суы мен батпағын өздерімен ала кетеді. Дертіне дауа іздеп келіп, айығып қайтатындар көп. Қазір бұл қасиетті жер де қамқорлыққа алынған. «Киелі мекеннің» науқаншылары осы күні арасанға да атбасын тіреді. Арасан суын айнала көмкеріп тұрған ақ матасын қайта жаңалады. Айналасына тазалық жұмыстарын жүргізді. Суын ішіп, ыдыстарына құйып алысты. Арасан туралы, ерекше қасиеті жайлы әңгімелерге қанықты. Сөйтіп, «Киелі мекен» акциясы қасиетті мекенде айрықша маңызға ие болды.

Жұмабек ТҮРДИЕВ,
Шалкөде өңірі,
Райымбек ауданы.

Акция

«КИЕЛІ МЕКЕН» ШАЛКӨДЕ ӨҢІРІНДЕ

«Таза Қазақстан» республикалық акциясына Тәңіртау өлкесінің ел-жұрты да қызу қолдау білдіруде. Науқан басталған алғашқы күннен-ақ, елді мекендерде тазалық жұмыстарына баса назар аударылып, тиісті нәтижесін көрсетіп отыр. Науқанға ауыл тұрғындары, ақсақалдар мен ақ жаулықты аналар, жастар, қоғамдық ұйымдар, білім, денсаулық, спорт, мәдениет саласы мен мекеме еңбеккерлері, еріктілер бірікпелі белсенділік танытуда.

Бүгінге дейін көшелер мен тұрғын үйлердің, сауда нүктелері мен қызмет орындарының аулаларының негізгі дені тазартылды. Саябақтар мен тарихи ескеркіштер орнатылған аландар ретке келтірілді. Жүздеген тонна күл-қоқыс пен қалдықтар сыртқа шығарылып, арнаулы орынға жеткізілді. Осының өзін-өзі, мақсатты іске деген құлшыныстың қаншалықты дәрежеде екенін аңғартса керек.

Аталған шара өткен аптаның қасиетті жұмасы күні «Киелі мекен» тақырыбында Шалкөде өңірінде жалғасын тапты. Қасиетті мекенге бұл жолы акцияға қатысушы белсенді топты аудан әкімі Берік Дүйсенбаев өзі бастап барды. Аталған өлкеде шежіре-сырға толы тарихи орындар

дейді. Ақыл-парасатымен елді соңынан ерте білген. Болашақты болжайтын әулиелігімен халықтың қадір-құрметіне айналған адам болыпты. Бүгінге жеткен аңыз әңгіме бойынша Түзелбай әулие өмірден өтерінде ұрпақтарына өзінің күмбезінің сыртын балықтың майымен майлауды тапсырған дейді. Өйткені, балықтың майы ескеркіштің тозуына жол бермейтін көрінеді. Күмбезді орнатып, сылайтын мезгіл де тақалады. Балықтың майы табылмай ділгірген жұрт алыстағы Іленің бойынан балық әкелуге аттанбаққа қамданады. Сөйтіп жатқанда кенеттен аспанды қара бұлт торлап, селдеткен нөсермен бірге балық та жауып берген екен. Сол жауған балықтың майымен күмбездің сырты сыланған дейді.



көп кездеседі. Өткен ғасырларда осы өлкеде ғұмыр кешіп, әулиелігі, көш бастар көсемдігі, сөз бастар шешендігімен елге қадірі артқан, артына өшпестей із қалдырған тұлғалардың кейбірінің мазары да осы жерде бүгінге дейін сақталған. Бұл өңірге жолы түскен жолаушы ара-тұра сол қасиетті орындарға барып, тағзым жасайды. Олар жайлы ауызша айтылып, бүгінге жеткен тарихи әрі аңызға айналған оқиғалардан құлағдар болады. Ерекше қасиеттерімен әулие атанған сондай адамдардың бірі - Түзелбай Әденұлы екен. 1799-1882 жылдары ғұмыр кешкен бұл кісі болыстық қызмет атқарып, қарапайым елге көп қайырым жасаған

Аңыз дегенмен, ол қалайда шындықтан құралатыны белгілі. Түзелбай әулиенің бейіті арада екі ғасырдан аса уақыт өтсе де жауын мен желге мүжілмей сақталғаны анық. Әулиелігі сол – бала көтермеген әйелдер осы кісінің басына түнеп, ұрпақ сүйгеніне куә болғандар көп бүгінде. Осыдан оншақты жыл бұрын осы өңірдің Советбек атты азаматы «Түзелбай әулие түсіме кіріп аян берді. Күмбезіне кесене орнатуды тапсырды» деп, өз қаражатымен күмбезді ішіне алып, үлкен кесене тұрғызыпты. Айналасы қоршалып, маңдайшасына әулиенің аты-жөні, туған, өмірден қайтқан жылы жазылған, іші-сырты әктеліп-сырланған бұл орын қазір

БҮГІНГІ САҢНАН ОҚИТЫҢДАРЫҢЫЗ:

**ЖАН-ЖАҚТЫ
ЖАҒДАЙ
ЖАСАЛУДА**



2 бет

**ҚҰПТАП-ҚҰАТТАЙТЫҢДАРЫН
БІЛДІРДІ**



3 бет

**ДӘСТҮРЛІ
ӘНДІ
ДӘРІПТЕГЕН**



4 бет

ЖАН-ЖАҚТЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛУДА

Жастар – ел үмітін арқалаған еліміздің болашағы. Үміт пен сенімді ақтау-сол буынның парызы. Сол себепті жастар қазіргі қоғамның жетекші күші ретінде еліміздің дамуы үшін жауапты екендігі сөзсіз. Еліміздің тарихы мен мәдениетінің тағдыры, дамуы мен модернизациялануы, жалпы бүгінгі мен ертеңі де жастарға байланысты. Ендеше, жастардың өз мамандықтары бойынша еңбек етуі де өте маңызды. Бұл орайда біздің облысымызда жастарды жұмыспен қамту, олардың өз кәсіптерін ашу үшін жан-жақты жағдай жасалында. Сөзіміз дәлелді болу үшін нақты статистикаға жүгінейік.

Статистика деректері бойынша облыста жастар жұмыссыздығының деңгейі 3,5%-ды құрайды, бұл орташа республикалық деңгеймен бірдей. Цифр тілімен айтсақ, жұмыссыздар саны 9302 адамды құрайды.

Жұмыссыздық деңгейді азайту мақсатында жастарды тұрақты, сонымен қатар мемлекеттен субсидияланатын жұмыс орындарына, қысқа мерзімді оқытуға, «Бастау Бизнес» жобасына, кәсіпкерлікті дамытуға тарту жұмыстары жүргізілуде.

Ағымдағы жылдың басынан барлығы 9,3 мың жұмыссыз азамат еңбекпен қамту шараларымен қамтылды. Оның ішінде 2,5 мыңы жастар. Оның ішінде:

- бос жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан жастардың саны 805 адамды құрады, жалпы қамтудың 36,8% (барлығы 2186 адам);

- жастар тәжірибесіне 164 жұмыссыз жас түлек жіберілді;

- әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілген жастардың саны 67 адам. Жалпы қамтудың 21,4% (барлығы 313 адам);

- қоғамдық жұмыс орындарына жіберілген жастардың саны 918 адам. Жалпы қамтудың 21,1% (барлығы 4355 адам);

- «Алғашқы жұмыс орны» жобасына 170 адам жіберілді.

Кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тарту арқылы өзін-өзі жұмыспен қамту және



жұмыссыз халықтың экономикалық белсенділігін арттыру мақсатында «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздеріне оқыту жүзеге асырылуда. Жоба өз ісін жүргізудің негізгі дағдыларын алуға, 12 айға дейінгі мерзімге бизнес-жобаны іске асыруда сүйемелдеуге және

бизнес-идеяны қаржыландыру тетіктеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, оқуды аяқтаған және сертификат алған жағдайда халықтың осал топтарына жататын жас азамат 400 АЕК көлемінде қайтарымсыз грантка өтініш бере алады. Жалпы 260 грант беру жоспарланған. Су тасқынына орай туындаған күрделі ахуалға байланысты үміткерлерден жана бизнес-идеяларды іске асыру үшін гранттар алуға өтінімдерді қабылдаудың бірінші легінің мерзімдері кейінге шегерілді.

«Бастау Бизнес» аясында 2024 жылы жалпы 2340 адамды оқыту жоспарланған. Жыл басынан оқытудан өткен жастардың саны 387 адамды немесе 42,6% құрады.

2023 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында 35 жасқа дейінгі жастарға микрокредит беру жобасы іске қосылып, 2023 жылы 387 жасқа 1,8 млрд. теңге берілген болатын.

2024 жылы 1,9 млрд. теңге сомаға 2,5% мөлшерлеменен 392 жас азаматты шағын несиелендіру жоспарланған. Несие алушыларды одан әрі қолдау үшін Еңбек вице-министрі Олжас Ордабаевпен «Fruit Art» ЖШС негізге ала отырып, якорлық жобалардың алгоритмі әзірленді.

Сонымен қатар, қызмет түрлері бойынша ірі кәсіпорындардың тізімін қалыптастырып, олардың негізінде мансап орталықтары өзара іс-қимыл жоспарын – ірі және шағын бизнес симбиозын әзірлеуде. «Шикізат деңгейінде» шағын кәсіпкерлік субъектілерінен ірі кәсіпорындардың тапсырыстарына қажеттілік анықталады. Баға саясатын, ірі кәсіпорындардан өнімді қабылдау критерийлерін анықтау және шағын бизнесті дайындау жұмыстары жүргізілуде. Жалпы осы бағытта 23 меморандум жасалды.

«Дайын өнім» деңгейінде ауыл шаруашылығы өнімдерін бөлшек сауда деңгейіне дейін сүйемелдеу үшін ресурстық қолдау көрсетіледі.

Жаңа несие алушыларға аудандар бөлінісінде бизнес түрін және маркетингтік жоспарлардың форматтарын таңдауға бағыт-бағдар беретін үлестірме материалдар әзірленуде.

Жастарға консультациялық көмек көрсету және ресурстық қолдау көрсету үшін «WhatsApp» мессенджерінде чат құрылды.

Бұдан басқа, жұмыссыздарды, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарды, оның ішінде жастарды қамту мақсатында 2024 жылға арналған жұмыс орындарын құрудың Өңірлік картасы қалыптастырылды. 2024 жылға арналған жоспар 66 мың жұмыс орнын құрайды. Бұл-2023 жылғы жоспармен салыстырғанда 5500 бірлікке өсім.

Сондай-ақ, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында жұмыссыз азаматтар үшін 85 бос орындар жәрмеңкесін өткізу жоспарлануда. Жыл басынан 20 жәрмеңке өткізілді, онда 340 жұмыс берушіден 2558-ге жуық бос жұмыс орны ұсынылды. Сонымен қатар аудандарда халықпен 43 кездесу, 3 дөңгелек үстел мен семинар өткізіліп, БАҚ өкілдеріне сұхбат берілді. Газеттер мен әлеуметтік желілерде 518-дей материалдар орналастырылды. Жұмыспен қамту шаралары бойынша ақпарат 6 билбордта, 11 ақпараттық стендте орналастырылды.

Және де «10 мың адамға 100 жұмыс орны» нысаналы индикатор шеңберінде жастар арасында ШОБ субъектілерімен 1500 жұмыс орны құрылды.

Бақылау жұмыс орындарын құрудың интеграциялық картасы арқылы жүргізілетін Ұлттық жобалар мен тұжырымдамалар шеңберінде 23 жас жұмысқа орналастырылды.

Осылайша, жастарға жұмыспен қамту шараларын көрсету бойынша жұмыс жалғасуда және тұрақты бақылауда.

А. АХМЕТОВА,
«Алматы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар» Басқармасының басшысы.

Кәсібің-нәсібің

ЕҢБЕКТИҢ КӨЗІН ТАПҚАН...

Бір нәрсенің тууына екінші бір нәрсе себеп болып жатады ғой. Осы бір әңгімені жазуға себеп болған мына бір дүние еді. Сақинамның саусағыма үлкен болғанын көрмейсіз бе?! «Сыйға берілген тұлпардың тісіне қарамайды» деген орыстың мақал сөзі бар. «Неге үлкен?» деп айта алмайсыз. Бауырларымың берген сыйы болған соң оны саусағыма дұрыс келтіретін зергер іздей бастадым. Қонаев қаласында ондай кәсіп иелерін күндіз май шаммен іздеп табу қиынның қиыны екен. «Қызыл тіл Киевке де жеткізеді» деген. Сұрастыра жүріп «Юбилейный» сауда орталығының маңайындағы дүкендердің бір бұрышындағы шағын ғана бөлмеде өзіне тән тірлік жасап жатқан зергерімізді іс үстінде кездестірдік. Жұмыс орны сырт көзге елеусіздей көрінгенімен мұнда келетін халықтың легі әжептеуір екен. Кезекке тұруға тура келді. Іздегенін осы жерден тауып жатқан жұрттың жанарларынан ризашылық сезімді байқағандайсың. Рахметін айтып, кетіп жатыр.

Біз бүгін сөз еткелі отырған Асылхан Ипатаевпен жұмысы жайлы әңгімеміз араға біраз күндерді салып, қайта айналып келгенде жалғасын тапқан еді. Кешегі жарты әлемді жайлаған кенестік дәуір келмеске кеткеннен кейін әр республика өз даму жолын өзі таңдап, уақыт деген ұлы көшпен алға жылжып жатқан уақыт еді. Еңбектің көзін тапқандар пайданың өзін тауып, соның нәтижесінде өмірден өз орнын тауып, заман талабына сай тірлігін кешіп жатса, екі қолға бір күрек таба алмағандар жігерін қайрай алмай, осалдық танытып, бар арман, мақсат-мүдделері бір стақан арақтың түбіне батып кетіп, бала-шағаны асырау міндетін нәзік жанды әйелдерінің иығына арта салғанын ұмыта қойған жоқпыз.

Осы бір өтпелі дәуір деп аталған қиын заманда Асылханның тағдыр жолы қалай өрбіді? Оны Асылханның өз аузынан естідік. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген сөзді осы жерде айтатындаймыз. Кәсіпкерлік деген дүниені нарық әкелді дегенмен де, әкесі өз заманында қолдан ертоқым шауып, оны былғарымен қаптап, әбзелдерімен толтырып, содан балаларына напақа тапқан жан екен. Анасы болса қолынан келмейтіні жоқ, киіз үйдің ою-өрнектері, басқұр секілді жабдықтарын жасау, тігін тігу, кілем тоқу өнерін бойына дарытқан көрінеді. Туған ағасы да сурет өнеріне жақындау болған екен. Демек, өнер дарыған жанұя баласының осы жолды қууы тегіннен тегін болмаса керек.

Асылханның еңбек жолы Қызылорда облысындағы бір ауылдың шаруашылығында суретші-әрлеуші болып басталған екен. Ал сурет салу, шрифтілермен плакат жазу өнері оған мектепте оқушы болғанда да-

рыған көрінеді. 1989 жылы ауылдың аңғал баласын арман деген дүние Алматыға алып келгені анық. Осы жерде Гоголь атындағы көркемсурет училищесіне қабылданып, театр декорациясын әрлендіру деген сиқырлы дүниенің тереңіне бойлап, айналасы екі-үш жылда теориялық білім алып, осы өнерді де қанжығасына байлап шығады. Осы училищенің қабырғасында жүріп-ақ М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында суретші-әрлеуші болып істеген жылдары да жас маманның алған білімін тәжірибемен ұштастырған уақыты болатын.

Одан кейінгі өмір жолы нарық әкелген екі аяқты қасқырдың тірлігін жасайтын уақытқа алып келді. Бұрынғыдай «тамақ байдан, ажал Құдайдан» дейтін заман жоқ, тірлік етсең ғана төбедегі келетін мезгіл өмірге жаңаша қарауға үйретті. Қонаев қаласының топырағын алғаш басқан жылдары Қапшағай фарфор зауытының балабақшасында Болат Әбдірахманов деген азаматтың қол астында суретші-әрлеуші болып еңбек етуге тура келді. Одан кейін Берік Әбенов деген жеке кәсіпкермен бірлесіп, «Гауһар тас» мекемесінде жұмыс істеу маңдайына жазылды. Осы жерде өздеріне шағын цех ашып, болашақ тірліктерінің ұсақ-түйек жұмыстардан бастады. Зергерлік өнермен айналысу дәл осы жерден басталғанын тілге тиек етеді өнер адамы.

- Күміс, алтыннан жасалған зергерлік бұйымдарды жөндейміз, болмаса арнайы тапсырыспен сақина, сырға жасаймыз. Әрине, өз жұмысың енді бастаған бізде алтын, күміс деген асыл металдар қайдан болсын?! Оның бәрі қып-қызыл ақшамен келетіні анық. Тапсырыс берушінің іске алғысыз болып қалған өз бұйымдарынан басқа бұйым жасап жүрдік. Одан қалса, есіктерге кілт жа-



сау қызметі де осы жерде көрсетіледі.-дейді өнер адамы. – Әрине ашыла салып, клиенттер қаптап кетті деп айта алмаймын. Тіпті жарнамаңды жарты әлемге жарияласаң да істеген ісіңнің нәтижесіне көзі жетпесе, адамдар саған келмейді. Тірі насихат керек. Алғашында жақын ағайын-туыстарыңа зергерлік дүние жасап беріп, сыйлайсың. Осы жерде айта кетейін, алғашқы қолтумамды келіншегіме сыйлағаным да есімде. Сен жасаған дүниені көргендер сені өздері іздеп келіп, тапсырыстарын беріп жатады.

Бір ғана дүниені айтайын. Бұрын бізде тұрып, кейін әр республика өз алдына тәуелсіздік алып жатқан тұста негізгі Отаны саналған Германияға кеткен неміс бауырымыздың отбасы қазіргі Қонаевқа, сол кездегі Қапшағайға қонақ болып келгені. Мені, жасайтын тірлігімді бұрыннан білетін. Жұмыс орнымды іздеп тауыпты. Қолдарында бір уыс зергерлік дүниелер. Бәрі жөндеуді қажет етеді. «Германияда неге жөндепедіңіздер?» десем, оларда дайын бұйымдар болмаса, сынған, бұзылған дүниелерге екінші өмір беру деген болмайды екен. Ондай жөндеу цехы болғанымен жасалынар қызметтің бағасы удай қымбат. Одан да жаңасын сатып алу экономикалық жағынан тиімді көрінеді. Содан арзанға жөндеу жұмыстарын жасайтын мені іздеп тапқаны. Тірі насихат дегенім-осы. Бұл тірлігің алғашында бір орнында жылжымай тұрған вагонды орнынан қозғаумен пара-пар дүние. Мәскеу бірден

салынбаған. Төзімділік керек. Сөйте-сөйте сен танитын, сенің ісінді білетін, сол арқылы сенің өзінді танитындардың ортасы молая береді. Жасаған дүниені көпшіліктің көңілінен шығып жатса, еткен еңбек пен сол ауыр да абыройлы жолдағы төккен маңдай тердің төлемін көретін мезгіл келеді екен. Мен қазір сол уақытты бастан кешіріп жатырмын.

Жұмыс болған соң, оның үстіне халықпен жұмыс жасап жүргеннен соң бүгінгі түскен ақшаң ертен де түсуі керек деу-бекершілік. Тапсырыс болмай қалатын жағдайлар болып тұрады. Оның есесіне кей күндері істейтін істердің көптігі соншалық, әр шаруа өз кезегін күтіп қалатын сәттер болып тұрады. Оның бәріне шыдамдылық және қанағат деген дүние керек.

Мен-бүгінгі таңда өмірдегі өз орнымды осы кәсібімнен тапқан жанмын. Құдайдың берген өнері болғаннан кейін оны әрмен қарай дамыта берсем деймін.

Асылхан менің жайым осы дегендей, үнсіз қалды. Өзіміз сөйлескен өнер адамының ішкі жан сарайынан суыртпақтап шыққан сырларынан ұққаным - өз бақытын өз өнерінен тауып, тапқан нәсібі өз алдына, ең бастысы, сонысынан рухани ләззат алып жүргені. Алдына келген жұрт еңбегін елеп қана кетпейді. Батасын да беріп кетері анық. Ал Асылхан үшін еткен еңбегінің төлемінің төресі сол ел-жұрттың берген батасы көрінеді. Сөз соңында «осы еңбегімнен көгеріп, көктеп отырғаным ел-жұрттың батасынан шығар» дейді. Келіспесімізге амал қалмағандай.

«Еңбектің көзін тапқан байлықтың өзін табады» деген сөз бар. Байлықтың өзін таппаса да, «жұмыс жоқ» деп, қарап отырмай, бала күнінен жанына серік еткен зергерлік өнерді өміріне кәсіп етіп, содан бала-шағасына нәсіп тауып жүрген жігіт ағасының осы тірлігіне риза болғанымыз бар еді. Жатқан тастың астына су жүрмейтінін ескерсек, тірлік еткеннің еңбегі еленбей қалмайтынын кейінгілерге өнеге ретінде көрсетіп, осы азаматтың жасап жүрген тірлігін баяндауды мақсат еттік. Осыдан өзіне керегін санасына құйғандар болса, құйып қана қоймай, тірлік етпесең, төбеден ешнәрсе түспейтінін зерделеп, белгілі бір кәсіптің етегінен ұстауды мақсат еткендер табылып жатса, бұл мақаланың да бекер жазылмағаны деп қабылдарымыз анық.

СИҚЫМБЕКТИҢ
Алтынбайы.
Қонаев қаласы.

Көкейкесті

ҚҰПТАП, ҚУАТТАЙТЫҢДАРЫН БІЛДІРДІ

Облысымыздың қандай елді мекендерінде болмасын халықтың мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың берген тапсырмалары мен нұсқауларын орындауға деген құлшынысы мен ұмтылысы ешқашан да төмендеп көрмеген емес. Оған деген қазақстандықтардың сенімі берік. Сонымен бірге жаңадан туындап жатқан жарқын идеяларға да жайбарақат қарай алмайды. Оны қолдауға да дайын тұрады.

Күні кеше ғана Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Атыраудағы Ұлттық құрылтайдың үшінші жиынында ел болашағын айқындайтын көкейкесті мәселелерді жеріне жеткізе қозғап, халқымызды бір серпілтіп тастады. Осыған байланысты бас қосқан аудандық ардагерлер және аудандық әжелер ұйымдарының төрағалары сондағы мемлекет басшысының сөйлеген сөзін жан-жақты талқылап, салмақты түрде сарапта салды.

Биылғы құрылтайда мемлекет басшысы «Адал адам-Адал еңбек-Адал табыс» тақырыбында мәні мен маңызы айырықша сөз

сөйлеп, жаңа Қазақстанның алдағы саяси-экономикалық, рухани-идеологиялық бағыттарын барынша бағамдап, анық та қанық айқындап бергенін кеңінен әңгіме арқауына айналдырды. Аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Сағат Мәсімақынов тақырып аясында талғамға татырлық баяндама жасады. Баяндамаға байланысты жарыссөз де жақсы әсер қалдырды.

Осы орайда аудандық әжелер ұйымының төрайымы Ақылия Бекбайқызы, Райымбек ауылдық округі ардагерлер ұйымының төрағасы Леміс Әбдікерімов, Жібек жолы ауылдық округінің ардагерлер ұйымының төрағасы Базаргелді Анисов, Ұмтыл ауылдық округі ардагерлер ұйымының төрағасы Елтай Хасенов, Жамбыл ауылдық округі ардагерлер ұйымының төрағасы Амангелді Толынбеков, Жандосов ауылы әжелер ұйымының төрайымы Елена Дадан, Іргелі ауылы әжелер ұйымының төрайымы Райса Сығаева, тағы басқа да адамдар сөйлеп, өздерінің толымды ой-пікірлерін ортаға салды.

Жиынның қос ұйымдағы жұмысы осымен ғана аяқтала қойған жоқ. Келесі кезекте ардагерлер мен «Алатау жастары» ұйымының қатысуымен «Жаңа Қазақстанды бірге құрайық!», «Біз біргеміз!» атты облыстық «Алатау жастары» ұйымы-



ның аудандық ұйымын құру да қызу талқыға түсті. Бұл да лайықты жолын тапты. Аталған жұмыс ұйымы да құрылды. Оның төрағасы болып аудандық мәслихаттың депутаты, білгір де білімді кәсіпкер Бекжан Батырбекұлы Сүмбеков бірауыздан сайланды. Сондай-ақ, қалалық және ауылдық жастар жұмысының төрағалары да шешімін тапты. Олардың тәлімгерлері де бекітілді.

Бұдан кейінгі қаралған мәселе де маңыздылығымен назар аударды. Өйтпей ауылдық округіміз Жарқын Қатубаев «Бірлік. Ынтымақ. Тұрақтылық» тақырыбына орай, ауылдағы ардагерлер өмірінің тыныс-тіршілігі жайлы тартымды

баяндама жасады. Ол ардагерлер әлеуетін көтеруде аянып жатпағандарын жанды мысалдар арқылы жайып салып, көптің көңілін көтеріп тастады. Сол сияқты алдағы уақытта атқаратын жұмыс жоспарларынан да хабардар етті.

Алда Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 80 жылдығы иерекесі де жақындап келеді. Тарихта орны бөлек осы мерекеге де жиында ерекше мән берілді. Жібек жолы ауылдық округі әкімінің орынбасары Дәулетжан Иманбаев ҰОС-ның ардагерлеріне теңестірілген жесірлерге және есепте тұратын 23 тыл ардагерлеріне жасалып жатқан қамқорлықтың барысы туралы кеңінен әңгімеледі. Осы

уақытқа дейін олар үшін өткізіп келе жатқан іс-шараларды да бастан-аяқ баяндап берді. Жиналғандар олардың нәтижелі жұмыстарына қанағаттанарлық бағасын берді.

Міне, бір жиында қаралған төрт мәселенің де қоғамдық өмірімізде аса жоғары мәні мен маңызы бар екені айқын көрініс тапты. Енді осы істердің жалғасы да ілгері баса бетіне ешкім шек келтірмейді. Бұл кім үшін болса да құптап, қуаттауға тұратын игілікті іс екені анық.

Қанат ТӨКЕБАЕВ,
Қаскелең қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы.
Қарасай ауданы.

Туған жерге ту тіккендер

АУЫЛ - ҚАЗАҚТЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ

Ұлттық құндылықтың ошағы да ауылдан бастау алады емес пе?! Салт-дәстүр мен мәдениеттің сарқылмас мол мұрасы да ауылда сақталып келеді. Иә, қазақты ауылсыз елестету мүмкін емес. Мұны ескерген Жалағаш ауылының тұрғындарымен ауылдан жырақта жүрген азаматтарда ауыл мәселесін естен шығарған емес. Осы орайда, «Бітер істің басына жақсы келер қасына» демекші, Жалағаш ауылына биылғы көктем қуанышты жаңалығымен келді. Тарихи атауы қайтарылып, ауыл Жалағаш атауына ие болды.

Әлқисса, Жалағаш ауылы аудан орталығы Кеген ауылынан бағысқа қарай 100 км жерде, әр түрлі астық тұқымдасты шалғын шөптер өскен қара топырақты таулық дала белдемінде орналасқан. Іргесі 1905 жылы қаланған. Ауыл бастапқы да Жалағаш деп аталып келді. Алматы облысының әкімінің қаулысымен 24-ші ақпаннан бастап, Кеген ауданындағы Жалағаш ауылы тиісінше Жалағаш ауылдық округі және Жалағаш ауылы болып қайта аталып, қолданысқа енгізілді. Бұл ауыл тұрғындары үшін көптен күткен қуанышты жаңалық болды. Ауылдың Жалағаш аталуының бірнеше нұсқасы бар. Шын атауы Жалағаш болуы

Күнгей Алатауының баурайында Көлсай көлі орналасқан. Атақты шығыстанушы ғалым Шоқан Уәлиханов өзінің Қашқария сапарында Жалағаштан өткен.

Ауыл атауының өзгеруі туралы жаңалық үлкен игі істің бастауына ұйытқы болды. Осы ауылға кіндік қаны тамған, туған жерге ту тігуді мақсат еткен алдыңғы буын ағалар: Нұраш Жақашев, Шопан Әлмеев, Мейірбек Тұрлығожаев, Тайбек Смайылов Көпжасар Нұрлыбаев, Меркібай Молдамұратов, Ерлан Абдрахманов, Қанат Тілеукеев және басқа азаматтар «Ауылымыз атауына сай болуы керек, жал-жал ағаш отырғызайық, көгалдандырайық!»

ның үстінен түстік. Жігіттердің игі істеріне тәнті болып, жұмыстарына сәттілік тіледік. Осы істің басы-қасында жүрген ұйымдастырушы азаматтарды сөзге тартып, игі бастаманы қалай бастау алғанын сұрадық.

Нұраш Жақашев,
жоба авторы, «Қазақстанның еңбек сіңірген құрлысы»:

- Елге қызмет етіп, ауылымызды көгалдандырып, көркейтейік деген оймен, осы жобаны ойлап тауып, ауыл тұрғындарына ұсындық. Тұрғындар бір ауыздан бізді қолдап кетті, 1600- дей қолдаушылар бар. Ауылдың кіре беріс қақпасынан Алматының жолына төмен қарай, яғни жолдың екі жиегіне төрт шақырым жерге өзіміздің тауда өскен көк шырша қарағайды егу, бұйырса , 1600 түп шырша өсіреміз. Бірінші қатарда қарағай тұрады, екінші қатарда ақ қайыңмен ақ терек өсіп тұрады. Арасына жаяу жүргінші жолымен, демалыс орындары және жарық шамдары орнатылады. Болашақта жастардың, ауыл тұрғындарының дем алуына және қонақтарды қарсы алуға таптырмас мәдени орын болады. Ал, төменгі жағында бірінші қатарда көк шыршамыз болады, екінші қатарда теректер, үшінші қатарына сирень ағашы, розалар егіліп, төрт шақырымға жалғасады. Мұндай жоба, яғни төрт шақырым жолдың екі жақ бетін көгалдандырып, шырша отырғызу ешбір жерде жоқ. Жаңа Қазақстанды ойлап жүрген адамдардың ауылға деген назарын аудартайық дейміз. Ауылымыз ерекше ауыл, таудың бөктерінде тұр. Жалағаш деп жаңадан аталып жатыр, үкімет өзінің тарихи атауын алып берді. Соған байланысты, ауылымызға кіре беріс жерді көркейтейік деп жатырмыз. Кіре берісіміз көркейіп тұрғаннан кейін, ауылымыздың ішіндегі көшелер, қисық-қырғын қоршаулар түзеліп, осыған сәйкес болады. Әлемі саябаққа қарап, ауылда тартылады. Қазір ауыл жастары мен Алматыдан келген ағайындар осы жерге келіп, бәрі өз үлестерін қосып жатыр. Енді, бұл бір жылда бітетін жоба емес, біз биыл бес жүз метр жерді иегерміз. Арамызға жастар қосылып жатыр, келесі жылы жастар қолға алады, кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Былайша айтқанда, жақсы дәстүр болғалы тұр.

Тайбек Смайылов,
зейнеткер:

- Орман шаруашылығы саласында 43 жыл қызмет істеп, зейнет жасына шықтым. Ауылдан шыққан зейнеткер азаматтар ауылды көгалдандыру мақсатында ауылымызды көркейту үшін жұмыстарды жүргізіп жатырмыз. Негізі ауыл азаматтары жас-кәрі деп бөлінбей, қаржыларын жинап, қол ұштарын беруде. Биылғы жылы бір шақырымды көгалдандырумыз керек, жұмыс алдағы үш-төрт жылға жоспарланып отыр. Ойда жүрген нәрсе, ауылдың тарихи аты Жалағаш еді, осы екі айдың көлемінде қайтадан өзінің тарихи есімі Жалағаш болып оралды. Соған сәйкестендіріп, үлкен шаруаны қолға алып, бірінші қазығын қағып жатырмыз. Әлі іс жалғасады.

- Ауылдың белсенділерімен жастары, көпшілік болып ауылымызды көркейтіп жатыр. Осы еңбектері жанып, кейінгі ұрпақ, бала-шағаға өніп-өсіп тұрсын! Жемісін берсін, бәріне! Заманымыз тыныш болсын!- деген ауыл тұрғыны Ерғали Қоқымбаев жерлестерінің жұмыстарына сәттілік тіледі.

- Ауылда басталып жатқан жұмысты басқарып жүрмін. Өзін бас-көз боласың, өзін істейсің -деп, ұйымда-

стырушылар маған сеніп тапсырды. Бастамаға халықты жұмылдырудамыз, көшеттерді отырғызуға ауылдың азаматтары белсенді ат салысып жатыр. Айдын деген азаматымыз қоршауын жасауда, біреуі суын әкеліп жатыр, қарап жатқан ешкім жоқ. Алдағы күні ағаш отырғызу күні екен, соған байланысты ауылдағы мекемелермен тұрғындарды ағаш егуге шақырайық деп отырмыз. Жүз түп шыршамыз бар, шама келгенше сол шыршаларды уақыт өтпей отырғызуымыз керек. Ал, қалғандары дұрыс жүріп жатыр. Осы көшеттердің өсіп-жетілуіне, суғарылуына, суына біздер жауаптымыз. Әр ауылда осындай игі істер қолға алынса екен деп тілейміз! Еңбектері жемісті болып, еккен ағаштарымыз өсіп-өніп кетсе, сол бізге нағыз рахат!- дейді осы істің басы-қасында жүрген ауыл азаматы, кәсіпкер Мейірбек Тұрлығожаев ағамыз.

- Ауылдастарымыздың ерен еңбегі елге таньыса, облыс қана емес, бүкіл елге үлгі болып таралса деген тілегім бар. Бұл игі іс ауыл түлектерінің жинаған қаражатымен атқарылып жатыр. Жүрегі елім, жерім деп соғатын әр азамат мұндай абыройлы істен шет қалмаса керек. Ауылдас азаматтарға асқан құрметпен алғысымды білдіремін!- дейді Жалағаш ауылының түлегі, зейнеткер Сәуле Қасымқызы.

Жоғары да айтып өткендей, бұл іске белсене ат салушылар жетерлік. Ауылдың тумасы, «Ақ қайың!» шипажайының директоры Досжан Кенетаев алпыс түп қайың, алпыс түп терекпен елу түп шыршаны өз қаражатына алып берсе, ауыл азаматтары Мұратбек Әбеуов, Қуандық Көшкінов ағаштарды суару жұмыстарымен айналысуда. Қанат Тұрлыбеков, Дастан Әлиев, Дастан Өміржанов, Айдын Араевтар қоршау жұмыстарын жүргізуде. Қанат Тілеукеев құрылыс заттарын жеткізуде автокөлікпен қамтамасыз етсе, Жанат Сағымбаев қорға жиналған қаржының тиімді жұмсалыуына жауапты адам ретінде өз жұмыстарын атқаруда.

Дана халқымыз «Атадан мал қалғанша, тал қалсын!» деген тәмсілді бекер айтпаса керек. Табиғат сұлулығы мен таза ауаның кілті - бұл ағаштар. Осы тұрғыдан алғанда, бұл игі шараның ұйымдастырылуы тек ауыл үшін ғана емес, аймақтағы экологияны одан әрі жақсартуға ықпал етері сөзсіз.

Осылайша, Жалағаштық ағайындардың ауыл тұрғындарын бірлікке шақыруда һәм өз аймақтарын көгалдандыруда жасалып жатқан жұмыстардың, сонымен қатар көптеген елді-мекендерге жақсы үлгі боларлық игі істің куәсі болып қайттық.

Дәурен ЕРМЕКБАЙ
Кеген ауданы



керек. Қарағайлар жолдарға ыңғайлана өскен. Табиғаты, жаратылысы осы Жалағашқа сұранып тұр. 1910 жылы осы жерлерге орыстар келіп қоныстанған. Олардың «Ғ» әріпіне тілі келмеген. «Жалағашты»- «Жалағаш»- деп атап кеткен. 1942-1963 жылдары Кеген ауданының орталығы болған. 1968-1996 жылдары аралығында қой өсіретін «Тоғызбұлақ» ұжымшарының орталығы болып келді. Оның негізінде 1997 жылы шаруа қожалықтары, өндірістік кооперативтер мен серіктестіктер құрылды. Жалағашта екі орта мектеп, кәсіптік-техникалық колледж, кітапхана, мәдениет үйі, стадион, аурухана, мәдени-ағарту және денсаулық сақтау мекемелері бар. Тау баурайындағы Жалағаштың айналасында бұта аралас қайың, тал, қарағай, терек орманы өскен. Ауылдан оңтүстік-батысқа қарай 40 км жерде,

- деген бастама көтерді. Осылайша, орта буын азаматтар жастарды соңына ерте жігерлене қолдады. Елім, жерім деген азаматтар баршылық екен. -Ата-бабаларымыз жерімізді, елімізді найзамен қорғаса, біз еңбек қаруын қолға алайық, жерімізді көгалдандырайық, көркейтейік!-деп үндеу тастады. Алдыңғы толқын ағалар «Ауылым-алтын бесігім! Өмірдің қайнар бұлағы» атты топ құрып, ауылдан шыққан түлектерді игі іске ат салысуға шақырды.

«Жақсыны көркекке» дегендей, табиғаты тамсандырып, сұлулығы баурап алатын, Жалағаш ауылының қуанышына ортақтасып, игі істің қалай болып жатқанын білу үшін бізде барған едік. Осылайша біздер, ауылдың кіре беріс қақпасы маңында қоршау жұмыстары отырғызылып, еңбек майданы қызып жатқаны-

Армандастар, құрдастар

ДӘСТҮРЛІ ӘНДІ ДӘРІПТЕГЕН

Қасиетті халқымыздың рухани жәдігерліктерінің бай мұрасының бірі-дәстүрлі әндер. Оған дәлел Кенен, Естай, Әсет, Үкілі Ыбырай, Жаяу Мұса және Біржан сал сияқты халық сазгерлерінен жеткен әндер. Музыка зерттеушілерінің айтуына қарағанда, халқымызда бес мыңнан аса күй, он екі мыңға жуық ән бар көрінеді. Бұл-қазақ әншілік өнердің ғасырлық даму тарихының бар екендігінің айғағы. «Ел іші-өнер кеніші» дейді дана халқымыз.



Осы орайда, қазақтың дәстүрлі әндерін дәріптеп, ел мерейін асқататын жүрген, туған жердің түлегі Бәзілжанов Біржан Сәрсенқожаұлы туралы сөз етпекшіміз. Өке тегімен, ана сүтімен дарыған өнердің қадіріне жете білген әнші, өзіне қойылған «Біржан» есімін аманат деп есептейді. Біржан отбасындағы бес ұлдың кенжесі. Әкесі Сәрсенқожа өнімізге жыр-термелерді орындаумен аты шыққан кісі. Ал, анасы Нұрлыхан мектепте ұстаздық қызмет атқарған. Өкенең ізін жалғастыру мақсатында жеті жасында әкесінің орындауындағы термені айтып, алғаш сахнаға шықты. Міне, содан бері домбыра-Біржанның жан серігі. Академия студенті атанған шағында Қанат Құлымжанов, Абзал Қуанышұлы, Ерлан Рысқали, Ардақ Исатаева, Рамазан Стамғазиев сынды тұлғалардан дәріс алып, кәсіби біліктілігін шыңдап, үлкен өнер әлеміне аяқ басты.

Біржан Сәрсенқожаұлы - Тәуелсіздіктің төл құрдасы. Ол 1991 жылы 12 маусымда Алматы облысы, Кеген ауданы, Тасашы ауылында дүниеге келген.

1998-2009 жылдары Тасашы орта мектебінде білім алған. 2009-2013 жылдары Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясында ҚР еңбек сіңірген қайраткері Ерлан Рысқалидың класынан дәстүрлі ән мамандығы бойынша дәріс алған. 2013 жылдан қазіргі уақытқа дейін Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының солисті қызметін атқарып келеді. 2017-2019 жылдары Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының магистратура бөлімінде белгілі дәстүрлі әнші, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, аға оқытушы Ардақ Исатаеваның класында білімін шыңдап, «Өнертану ғылымдарының магистрі» академиялық дәрежесін қорғап шықты. Бірнеше Халықаралық, Республикалық конкурстар да бағын сынап, жүлдегер атанған. Атап айтқанда, 2015 жылы Самарқанд қаласында өткен Халықаралық «Shaғq taronalagi» байқауының, 2014 жылы Өскемен қаласында өткен Әсет Найманбайұлы атындағы Республикалық дәстүрлі әншілер сайысының, 2014 жылы Қарағанды қаласында өткен Жүсіпбек Елебеков атындағы Республикалық дәстүрлі әншілер сайысының лауреаты атанды. Дәстүрлі әнші республика көлемінде 2017 жылы 20 сәуірде филармонияның үлкен концерттік залында Тәуелсіздіктің 25 жылдығы мен Алаш қозғалысының 100 жылдығына арналған, «Мен-қазақпын!» атты өзінің жеке есеп беру концертін өткізді.

Халықаралық, Республикалық, облыстық, қалалық, аудандық деңгейде ұйымдастырылып жүрген түрлі мәдени іс-шараларға белсене қатысып, дәстүрлі өнерді дәріптеуде елеулі үлес қосып келеді. Ресей, Әзербайжан, Австрия, Израиль, Түркия, Литва, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінде гастролдік сапарлармен болып, ұлттық өнерімізді әлемдік деңгейде насихаттауда зор үлес қосуда. 2022 жылы Әміре Қашаубаев атындағы Республикалық байқаудың лауреаты атанды. Қазіргі таңда 85 жылдық тарихы бар Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік Филармониясында жеке орындаушы болып қызмет атқарады.

Өмірлік серігімен өнер жолында табысты. Құдай қосқан өмірлік жары Асылаймен өнер жолында танысып, отау көтерді. Бүгінде екі ұл, бір қыздың сүйікті әкесі. Асылай Жанкелдіқызы өнерден құр алақан емес. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының бакалавр-магистрін бітірген, өнертану ғылымдарының магистрі. Жетіген аспабында ойнайды, бүгінде жеке орталықта жұмыс атқарады.

Дәстүрлі әншінің бүгінгі жетістігі үшін, ұстаздарына айтар алғысы шексіз. Сонымен қатар, өзі де бойындағы өнерін өзгелерге үйретіп, шәкірт тәрбиелеп жүр. «Ұлттық өнер орталығын» ашып, қазақтың ән мен күйін өскелең ұрпаққа үйретіп, жан-жақты дамытып келе жатқан бүгінгі Біржан Салына қазақтың дәстүрлі әнін дәріптеуде қанатын талмасын демекшіміз.

Дәурен ЕРМЕКБАЙ
Кеген ауданы

За строкой поручений президента

КАРЛЫГАШ СЕЙТОВ: «МЕЧТАЮ ВЫРАСТИТЬ ЧЕМПИОНА!»

«Подростки не должны бездельничать. Необходимо способствовать тому, чтобы они больше внимания уделяли творчеству и спорту. Детей нужно приобщать к труду, к волонтерской деятельности. В этом деле недопустимо очковирательство». (Из выступления К.Ж. Токаева на расширенном заседании коллегии Министерства внутренних дел)

О том, что молодежь должна быть занята полезными делами, увлечениями, в последнее время говорят часто и настойчивее на всех, в том числе, самых высоких министерских уровнях. В противном случае будут расти (она и растет) подростковая преступность и правонарушения, преступления против несовершеннолетних. Но как увлечь детей полезными делами, вместо просиживания часами за компьютерами, в телефонах? Как оградить от втягивания в полукриминальные группы молодежи, в деструктивные религиозные секты и т.п. Об этом (внимании подростков к творчеству и спорту) недавно упоминал наш президент на встрече с правоохранительными органами и сие важно культивировать и популяризировать. В этой связи нам представляется интересным опыт сотрудничества педагогических коллективов школ в селах Ынтымак, Жана даур с людьми

имеющими навык обучения школьников интеллектуальным играм, в частности, шахматам. И хотя шахматы не относят к физическим видам спорта, причислить их к умственному предмету можно смело. Как раз об этом мы поговорили с основателем и руководителем шахматного центра «Дебют», членом комиссии ветеранов Федерации шахмат Алматинской области, ветераном Афганской войны Карлыгашем Сейтовым.

Корр.: Карлыгаш Тосымханұлы, приветствуем вас в гостях у новой газеты «Алатау Ардагері». Намедни, в феврале т.г., у вас прошло крупное соревнование, расскажите о нем подробнее.

К.Сейтов: Да, как раз сошлись два важных события. В феврале исполнилось 35 лет со дня вывода советских войск из Афганистана. Я имею к этому самое непосредственное участие. 26 декабря 1979 года проходил срочную службу в составе ограниченного контингента советских войск в ДРА. Был сержантом, командовал отделением. До сих пор общаемся с боевыми братьями - «шурави», оказываю по мере возможности финансовую помощь нуждающимся, прикованным к постели. Пособие у «афганцев», как вы знаете, мизерное. Это отдельная большая тема. А также исполнилась годовщина со дня открытия шахматных секций в селах под эгидой центра «Дебют». Поводы, как говорится, веские. Турнир был масштабным: приглашены представи-

тели акимата, областной Федерации шахмат, воины-афганцы, родители. За шахматной доской за призовые места поборолось почти 150 школьников и 12 взрослых, среди которых ветераны войны в Афганистане и Таджики-афганских событий. Из числа участников почти половина были члены команды «Дебют», занявшие призовые места среди начальных классов: Рамазан Жанарыс (2 место). Среди старших: Сембаев Бағдат (2 место) и Куралбек Ернур (3 место).

Корр.: Сколько человек стало ходить на шахматные секции за этот период, в каких селах вы открыли кружки? Есть ли интерес у детей к шахматам?

К.Сейтов: Интерес есть и значительный. На сегодня в селах Ынтымак, Жанадаур, Жанаталап интеллектуальной игрой занимаются уже около 100 человек. Приезжают дети из села Коянкус. Родители поддерживают желание детей.



ми, вежливыми и интеллигентными людьми, преуспевающими в различных науках, особенно, точных.

Корр.: А как давно Вы сами занимаетесь этой игрой? Расскажите свою биографию и о достижениях клуба.

К.Сейтов: Я родом из Семипалатинской (ныне Абайской)области,



Шахматы - древнейшая игра, известная 1, 5 тысячи лет назад. Полезная для ума, развивает память, способность в решении задач, умение анализировать в любой ситуации. Но многое зависит тут не только от ученика, но и его тренера. Ни в коем случае здесь не приемлемы, так сказать, авторитарные методы, назидательный тон. У ребенка важно замечать и выделять только его положительные стороны характера. Изменения в поведении, в окружении других подростков, придут сами. Шахматисты как правило становятся терпеливы-

Бескарагайского района. Рос в многодетной семье. Родители всю жизнь занимались овцеводством, приучили нас, 8 детей, с раннего возраста к труду и прилежной учебе. Шахматами серьезно увлекся относительно недавно. Во время пандемии обучал дома внуков шахматам, подружились соседские дети, так и у самого появился интерес. Прошел онлайн обучение в Астане, сдал экзамены и получил удостоверение тренера по шахматам. Открыл шахматный клуб «Дебют» в селе Ынтымак, где сейчас проживаю. Пользуясь случаем, хочу поблагода-

рить директора СШ № 46, депутата районного маслихата Султана Дана-шевича Жаркынбекова за всестороннюю поддержку нашей деятельности.

Повышая свой профессиональный уровень прошел курсы обучения у международного арбитра, тренера Сергея Кима. Получил звание спортивного судьи по шахматам. Выступаю судьей на районных, областных соревнованиях. Впервые пришлось судить международный турнир в спорткомплексе «Нур Аман» в Карасайском районе. Намедни, вместе со старшим тренером, народным арбитром Хашабай Нурбулатом впервые организовали в Илийском районе турнир на присвоение (защите) 2 разряда по шахматам. Участвовало 20 шахматистов, ученики пяти тренеров. Мой ученик - внук Айдынулы Нурдаулет занял первое место, защитив имеющийся у него второй разряд. Всего в копилке «Дебюта» 39 учеников имеют 4 разряд, 12 учеников - 3 разряд, два ученика - 2 разряд. Один мой ученик поучаствовал на большом республиканском турнире. Как и у каждого тренера есть мечта - вырастить чемпиона страны! Как минимум. Планов впереди много и мы, конечно, будем о них рассказывать в СМИ. Кстати, газету «Алатау Ардагері» мы выписываем, читаем. Хотелось бы, чтобы вы чаще писали про спорт, в частности, о шахматах. Не забывайте о воинах-афганцах и участниках других локальных конфликтов. Надеемся на постоянное информационное сотрудничество с редакцией.

Вопросы задавал
Рамазан ЕЛЕШЕВ



АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады
ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310
ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сықымбек
Тел.: 8 705 965 3661
Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.
Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.
Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 23-В.
МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 6200
Талсырыс №684
Индексі – 65472.